

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы

«Ақ бота» кіші тобы

«Ақ бота» кіші тобында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін ескере отырып, дамытушы пәндік-кеңістіктік орта ұйымдастырылған. Дамытушы орта балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге, қауіпсіздігін сақтауға, қоршаған ортамен танысуына және негізгі дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Топ бөлмесіндегі барлық материалдар балалардың жасына сәйкес таңдалып, еркін пайдалануына қолжетімді орналастырылған.

Физикалық қасиеттерді дамыту орталығы

Физикалық қасиеттерді дамыту орталығында балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған доптар, құрсаулар, жұмсақ модульдер, секіртпелер және түрлі қимылды ойын құралдары орналастырылған. Балалар жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу сияқты негізгі қимыл-қозғалыс әрекеттерін меңгереді. Денсаулықты сақтау, жеке бас гигиенасы және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту орталығы

Коммуникативтік дамыту орталығында балаларға арналған ертегі кітаптары, суретті альбомдар, тақырыптық карточкалар, саусақ ойындары мен қуыршақтар жинақталған. Балалар ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, сөздерді дұрыс айтуға, қарапайым сөйлемдер құрауға және тыңдау мәдениетін қалыптастыруға үйренеді. Көркем әдебиетпен таныстыру арқылы сөздік қорлары байытылады. Түрлі ойындар барысында балалар түстерді, пішіндерді, жануарларды, көкөністер мен жемістерді атап үйренеді, сөздік қорларын байытып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, балалардың тыңдау, түсіну, сұрақтарға жауап беру және өз ойын еркін жеткізу қабілеттерін қалыптастыруға жағдай жасалған.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығы

Танымдық дамыту орталығында түрлі түсті пішіндер, құрастырмалы ойыншықтар, сенсорлық материалдар, көлемі әртүрлі заттар, пирамидалар және дидактикалық ойындар орналастырылған. Балалар түстерді, пішіндерді, көлемдерді ажыратуға, салыстыруға және қоршаған әлем туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыруға мүмкіндік алады. Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктері мен табиғи материалдар арқылы бақылау жұмыстары ұйымдастырылады.

Шығармашылық дағдыларды, зерттеу іс-әрекетін дамыту орталығы

Орталықта сурет салуға, жапсыруға және мүсіндеуге арналған қауіпсіз материалдар орналастырылған. Балалар бояулармен, қарындаштармен, ермексазбен жұмыс жасау арқылы ұсақ қол моторикасын дамытады және шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Музыкалық ойындар мен

қарапайым зерттеу әрекеттері арқылы балалардың қызығушылығы мен белсенділігі артады.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру орталығы

Әлеуметтік-эмоционалдық дамыту орталығында «Отбасы», «Қуыршақтар әлемі», «Асхана» сияқты сюжеттік-рөлдік ойын бұрыштары ұйымдастырылған. Балалар ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ойыншықтармен бөлісуге, қарапайым ережелерді сақтауға және өз эмоцияларын білдіруге үйренеді. Топта жағымды психологиялық ахуал қалыптастырылып, әр баланың өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінуіне жағдай жасалған.

«Ақбота» кіші тобындағы дамытушы пәндік-кеңістіктік орта тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылып, олардың жан-жақты дамуына, дербестігін қалыптастыруға және эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған.

«Ақ көгершін» ортаңғы тобы

«Ақ көгершін» ортаңғы тобында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін ескере отырып, дамытушы пәндік-кеңістіктік орта ұйымдастырылған. Дамытушы орта балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге, қауіпсіздігін сақтауға, дербестігін дамытуға және жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Физикалық қасиеттерді дамыту орталығы

Физикалық қасиеттерді дамыту орталығында балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған доптар, құрсаулар, секіртпелер, кеглилер, массаж жолақтары және қимылды ойындарға қажетті құралдар орналастырылған. Балалардың денсаулығын нығайтуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізіледі.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту орталығында

Коммуникативтік дағдыларды дамыту орталығында көркем әдебиеттер, ертегілер жинағы, суретті альбомдар, саусақ театры, қуыршақ театры және тіл дамытуға арналған дидактикалық ойындар жинақталған. Балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жұмыстары ұйымдастырылады. Ойындар барысында балалар түстерді, пішіндерді, жануарларды, көкөністер мен жемістерді атап үйренеді, сөздік қорларын байытып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, балалардың тыңдау, түсіну, сұрақтарға жауап беру және өз ойын еркін жеткізу қабілеттерін қалыптастыруға жағдай жасалған.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығы

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығында логикалық ойындар, пазлдар, конструкторлар, математикалық материалдар, табиғат бұрышы және зерттеу құралдары орналасқан. Балалар бақылау, салыстыру, зерттеу және тәжірибе жасау арқылы қоршаған орта туралы білімдерін кеңейтеді.

Шығармашылық дағдыларды, зерттеу іс-әрекетін дамыту орталығы

Шығармашылық дағдыларды, зерттеу іс-әрекетін дамыту орталығында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру жұмыстарына арналған материалдар орналастырылған. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және зерттеушілік қызығушылықтарын арттыруға жағдай жасалған.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру орталығы

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру орталығында сюжеттік-рөлдік ойындарға арналған «Отбасы», «Дүкен», «Дәрігер», «Асхана» бұрыштары ұйымдастырылған. Балалардың өзара қарым-қатынас жасау, достық, сыйластық, жауапкершілік және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

«Ақ шағала» ересек тобы

«Ақ шағала» ересек тобында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сәйкес дамытушы пәндік-кеңістіктік орта құрылған. Дамытушы орта балалардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік дағдыларын және әлеуметтік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Физикалық қасиеттерді дамыту орталығы

Физикалық қасиеттерді дамыту орталығында спорттық құралдар, кимылды ойындарға арналған жабдықтар және денсаулық сақтау технологияларын қолдануға қажетті материалдар орналастырылған. Балалардың дене дамуын жетілдіруге және қозғалыс белсенділігін арттыруға жағдай жасалған.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту орталығы

Коммуникативтік дағдыларды дамыту орталығында көркем әдебиеттер, балалар энциклопедиялары, сюжетті суреттер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, театр түрлері мен тіл дамыту ойындары жинақталған. Балалардың байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын және қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Ойындар барысында балалар түстерді, пішіндерді, жануарларды, көкөністер мен жемістерді атап үйренеді, сөздік қорларын байытып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, балалардың тыңдау, түсіну, сұрақтарға жауап беру және өз ойын еркін жеткізу қабілеттерін қалыптастыруға жағдай жасалған.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығы

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығында математикалық материалдар, логикалық тапсырмалар, конструкторлар, тәжірибе жасау құралдары және табиғат бұрышы орналасқан. Балалардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға және қоршаған орта туралы білімдерін кеңейтуге жағдай жасалған.

Шығармашылық дағдыларды, зерттеу іс-әрекетін дамыту орталығы

Шығармашылық дағдыларды, зерттеу іс-әрекетін дамыту орталығында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, қол еңбегі және құрастыру жұмыстарына арналған материалдар жинақталған. Балалардың шығармашылық белсенділігін арттыруға және эстетикалық талғамын қалыптастыруға мүмкіндік берілген.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру орталығы

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру орталығында сюжеттік-рөлдік ойын бұрыштары, эмоцияларды тануға арналған

көрнекіліктер және бірлескен ойындарға қажетті құралдар орналастырылған. Балалардың өз сезімдерін білдіруіне, құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнатуына және әлеуметтік ортада еркін әрекет етуіне жағдай жасалған.

Топтардағы дамытушы пәндік-кеңістіктік орта тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылып, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жабдықталған. Барлық материалдар балалардың еркін пайдалануына қолжетімді орналастырылған және оқу жылы барысында жүйелі түрде толықтырылып, жаңартылып отырады.



«Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасының

меңгерушісі: Г.С.Абдрахманова

